



Алматы қаласының маңындағы аймақ туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 24 маусымдағы N 2/373 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 16 шілдеде N 543 тіркелді Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 23 тамыздағы N 4/532 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" Заңының 88 бабын жүзеге асыру мақсатында Алматы қалалық Әкімшілігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Алматы қаласының маңындағы аймаққа енгізілген жерлерді пайдаланудың тәртібі және режимі туралы ұсынылып отырған Ереже келісу үшін Алматы қалалық **Мәслихатына** ұсынылсын.

2. Алматы қалалық Жер ресурстарын басқару комитеті (А.Сапаров) және Алматы қалалық сәулет және қала құрылышы департаменті (С.Баймағамбетов) Алматы қаласының маңындағы аймақтың құрамындағы жер участекерінің меншік иелері және жерді пайдаланушылар туралы мәліметтерді бір айлық
м е р з і м д е **ұ с ы н с ы н .**

3. Алматы қалалық сәулет және қала құрылышы департаменті (С.Баймағамбетов) Алматы қаласының маңындағы аймақтың аумағын аймақтарға бөлу жұмысының құнын бір айлық мерзімде анықтасын.

4. Алматы қалалық қаржы басқармасы (Қ.Тәжібаев) Алматы қаласының 2003 жылға арналған бюджетінде Алматы қаласының маңындағы аймақтың аумағын аймақтарға бөлу жұмыстарын жүзеге асыруға арналған қаржы бөлуді
қ а р а с т ы р с ы н .

5. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 12 ақпандағы "Алматы қаласының маңындағы аймақ туралы" N 1/77 қаулысының күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцқа жүктелсін.

A л м а т ы **қ а л а с ы н ы н**

Әкімі

B.Храпунов

Әкімшілік хатшысы

K.Тәжиева

Алматы 2003 N	қаласы жылғы 2 / 3 7 3	" 24 "	Экімшілігінің маусымдағы қаулысына
Н 1 қосымша			
Алматы	қаласының	қала	маңына
жерлерді	пайдалану	тәртібі	мен
қойылатын талап Ережесі			
енген,			оған

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңына сәйкес өзірленді және Алматы қаласының қала маңына енген жерлерді пайдалану тәртібі мен оған қойылатын талап Ережесін анықтайды.

1. Алматы қаласының табиғат аймағына енетіндер:

1) қала маңындағы ауыл шаруашылық өндірісін үдерісті дамыту аймағы;
2) қала тұрғындарының демалыс орнына айналған қорғау және тазалық міндетін атқаратын орман, орман бағы және басқа жасыл желектермен тоғолтырылған жасыл аймақтар.

3) қала маңындағы ауыл шаруашылық өндірісін үдерісті дамыту аймағындағы жерлер ауыл шаруашылық бағыттағы жерлер болып табылады.

1.1. қала маңындағы ауыл шаруашылық жер аймағын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланыссыз мақсатта алу, ауыл шаруашылық жер аймағын бір түрінен басқа түріне алмастыру Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдының заңнамаларымен анықталған тәртіпте жүргізіледі.

Қалақұрылышын ерекше реттеу аймағына енген жерлер, қаланың инженерлік және көлік инфрақұрылымының қалыпты жұмыс істеуіне қажетті дамуының резервтік аумағы болып табылады.

1.2. Қала тұрғындарының демалыс орнына айналған қорғау және тазалық міндетін атқаратын орман, орман бағы және басқа жасыл желектермен тоғолтырылған жасыл аймақтар орман қорының жерлері болып табылады.

1.3. Аталған аймақтағы жерлер орман шаруашылығын жүргізуге байланыссыз басқа санаттағы жерлерге алмастыруға алынатын болса, онда Қазақстан Республикасының Укіметімен жүзеге асырылады.

Осы аймақтарға қосылған жерлердің құқықтық ережелері Қазақстан Республикасының жер заңнамалары мен Орман Кодексімен реттеледі.

2. 1.2-1.3 тармақтарда көрсетілген аймақтар Алматы қаласының бас жоспары мен қалақұрылышы дамуының тұтасып жатқан кешенді кестесіне сай анықталады

, оны Алматы қаласының жергілікті өкілетті органы құптаған Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен. Алматы қаласының бас жоспары мен қалақұрылысы дамуының тұтасып жатқан кешенді кестесі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет қалакұрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 44, 47 баптар талабына сәйкес жергілікті сәулет және қала құрылысы органы әзірлейді.

Алматы қаласының бас жоспары мен қалақұрылысы дамуының тұтасып жатқан кешенді кестесінде мыналар анықталады:

1) қала маңындағы ауыл шаруашылық өндірісін үдерісті дамыту аймағындағы жерлерді Алматы қаласын ауыл шаруашылық өнімдерімен толығымен қамтамасыз ету мақсатында;

2) қалақұрылысын ерекше реттеу аймағына енген жерлер, қаланың инженерлік және көлік инфрақұрылымының қалыпты жұмыс істеуіне жағдай жасау б о л ы п т а б ы л а д ы .

3) қала тұрғындарының демалыс орнына айналған қорғау және тазалық міндетін атқаратын орман, орман бағы және басқа жасыл желектермен толтырылған жасыл аймақтар, Алматы қаласының аумағын табиги және антропогендік, техногендік құбылыстардан және болмыстардан қорғау мақсатында, экологиялық жағдайды жақсарту, тарихи және мәдени мұраны сақтау және (немесе) жасыл желектердің жайқалуына көніл бөлінеді.

4) қала маңындағы облысқа түйісіп жатқан елді мекендердің аумағы.

Көп жылғы жасыл желектер, жасыл аумақта орналасқандықтан есепке алынады, жасыл желектерді тазалық ретінде ғана кесуге рұқсат етіледі.

3. Қала маңындағы жерді пайдалануға және (немесе) меншікке жер алаңын алу құқығы берілуге немесе оның пайдалану бағытын өзгертуге мүдделі азаматтар мен занды тұлғалар Алматы қаласының аумағына оның түйісіп жатқан жер алаңдарына тиісті құқықтар беретін тиісті (аудандық (қаладағы ауданнан басқа), қалалық, поселкелік, ауыл және селолық атқарушы орган) облыстың жергілікті атқарушы органына өтініштерін береді.

Өтініште мыналар көрсетіледі:

1) жер алаңын пайдалану мақсаты;

2) оның болжам мөлшері;

3) орналасқан жері;

4) пайдалануға сұраным жерлер;

5) басқа жер участекелерінің болуы (болмауы) (жер участекелері үшін: селолық жердегі жеке қосалқы үй шаруашылығын жүргізу (усадьба жанындағы және егістік жер участекелері) 0,25 га суғарылмайтын жерлер және 0,15 га суғарылатын жерлер; жеке тұрғын үй құрылысы үшін 0,10 га; бағбаншылық, сондай-ақ саяжай құрылыс үшін 0,12 га). Пайдалы қазбаларды өндеген жағдайда, өтініш хатқа Жер

қойнауын пайдалануға арналған контрактінің көшірмесі қоса беріледі.

Аталған атқарушы органдар осы өтініштерді келісу үшін Алматы қаласының
Әкімшілігіне жібереді.

4. Алматы қаласының Әкімшілігімен келісу мынадай реттілікпен жүргізіледі:

1) Өтініш Алматы қалалық сәulet және қала құрылышы департаментіне жіберіледі;

2) Алматы қалалық сәulet және қала құрылышы департаменті сұраным жер алаңын аумақтық түгендеуге сәйкес пайдалану мүмкіндігін анықтайды және материалдарды қалалық құрылыш комиссиясына бағыттайды;

3) қалалық құрылыш комиссиясы сұраным жер алаңдарына рұқсат құқығын немесе осы өтініштің орындалмауы жайлы хабарлама береді;

4) Алматы қалалық сәulet және қала құрылышы департаменті қала құрылышы комиссиясының тұжырымына сай жоғарыда аталғанындей Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысын шығарады;

5) Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулы жобасы Алматы қаласы Әкімі аппаратының заң бөліміне және сәulet және құрылыш саласына жетекшілік ететін Алматы қаласы Әкімінің орынбасарына келісуге жіберіледі;

6) Алматы қаласы Әкімшілігінің жоғарыда аталған мәселелер бойынша шығарған қаулысы облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

5. Қаулы өтініш келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде шығарылады.

6. Қала маңындағы жерді пайдалануға және (немесе) меншікке жер алаңын алу құқығы берілуге немесе оның пайдалану бағытын өзгертуге мүдделі азаматтар мен занды тұлғалар Алматы қаласының аумағына оның түйісіп жатқан жер алаңдарына тиісті құқықтар беретін тиісті (аудандық (қаладағы ауданнан басқа), қалалық, поселкелік, ауыл және селолық атқарушы органға) облыстың жергілікті атқарушы органының жер алаңын пайдалануға беру немесе бермеу шешімі Алматы қаласы Әкімшілігінің тиісті қаулысынан кейін ғана шығарылады.

7. Азаматтар мен занды тұлғалардың Алматы қаласының қала маңында орналасқан жер алаңдарын басқа бағытта пайдалану жөніндегі өтініштері, осы Ереженің 3-6 тармақшаларында көрсетілген тәртіpte қаралады.

8. Қала маңындағы аймақтағы жерлерді қорғау және оны пайдалануға бақылау, сәulet, қалакұрылышы және құрылыш қызметі, құрылыш жүргізуі мемлекеттік реттеу, құрылыш ғимараттарын қабылданап алу Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы және (немесе) белгіленген тәртіpte орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшесі жүргізеді.

9. Алматы қаласының қала аймақнандағы жерді облыстық жергілікті атқарушы органының алуы белгіленген заң тәртібінде Алматы қаласы Әкімшілігінің өз бастамасымен немесе оның келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Әкімшілік хатшысы

K. Тәжиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК